

Тақырыбы: «Алтын асық» интеллектуалды ойын-сайысы.

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыра отырып ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру. Балалардың тілдік қорын, байланыстыра сөйлеуін, шығармашылығын, танымын дамыту.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта. Ұйымдастырылған іс-әрекет презентациясы. Шығармашылық материалдары.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар мен балалар. Бүгінгі «Алтын асық» интеллектуалды ойын-сайысына қош келдіңіздер!

Сәлемдесу:

Сәлем, сәлем балалар,
Сәлеметсізбе апай.
Сәлем, сәлем қонақтар,
Сәлеметсіздерме қонақтар.

Жарысып ойын ойнайық,

Көңілденіп тойлайық.

Қонақтармен қуанып,

Шаттанайық, жырлайық.

Ал келіңдер, келіңдер,

Бір-біріне еріңдер.

Өздеріңді тексеріп

Ойынға қатысып көріңдер-деп бүгінгі интеллектуалды ойын сайыс түрінде өтеді. Енді сайысқа қатысатын балаларымызбен танысайық.

«Тұмар» тобы: Топ басшысы: С,Әлинұр. Топ мүшелері: Райана, Ханшайым.

Ұраны: Тұмардың үні,

Білім мен ынта,

Барлығын бағындырып,

Асқақтаймыз мұнда.

«Қоржын» тобы. Топ басшысы: Алихан. Топ мүшелері: Жарас, Ақбөбек.

Ұраны: Қоржынымызды байлайық,

Қанжығаны майлайық.

«Қобыз» тобы: Топ басшысы: Нұрхан. Топ мүшелері: Медина, Гауһартас.

Ұраны: Қобыз сазы, рухымыз

Біліммен биік тұғырымыз.

Әділ қазыларды анықтау.

Ендігі кезекте бүгінгі сайысымыздың шарттарымен танысайық .

Сайысымыз 8- кезеңнен тұрады.

1-КЕЗЕҢ: «Кім көп біледі?»

2-КЕЗЕҢ: «Тапқыр болсаң, тауып көр»

3-КЕЗЕҢ: «Суреттер сөйлейді»

4-КЕЗЕҢ: «Үшқыр ой»

5-КЕЗЕҢ: «Кім жылдам?»

6-КЕЗЕҢ: «Сен білесің бе?»

7-КЕЗЕҢ: «Шолпы» әдісі

8-КЕЗЕҢ: «Шығармашылық»

| | |
|---|---|
| 1-КЕЗЕҢ: «Кім көп біледі?» | |
| ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ. | <p>a) Әр түрлі аң терілерінен тігіліп , сыртын матамен тысталатын қазақтың ұлттық киім түрлерінің бірі?</p> <p>b) Сәтен , барқыт сияқты маталардан сыру, кестелеу тәсілімен тігілген баскиім. Төбесін төртсай немесе дөңгелек төбелетіп тігіледі. Ер адамдар үлкен бас киімнің астынан міндетті түрде киетін бас киім түрі?</p> <p>c) Биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етектен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген қысқы баскиім. Суықтан, бораннан қорғайтындай мол пішіледі. Бұл бас киімнің атауы қандай?</p> <p>d) Әрі жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қолайлы. Аяқ киімнің атуы қандай?</p> <p>e) Ұзатылатын қыз киетін аса бағалы биік төбелі салтанатты бас киім. Бұл бас киімнің атауы қандай?</p> <p>f) Әйелдер ұлт киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. Жағасы мен жеңі ойылмалы, белі қынамалы, етегі тізеден төмен болып келеді. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты асыл, сапалы кездемелерден тігіледі. Бұл киімнің атауы қандай?</p> |
| 2-КЕЗЕҢ: «Тапқыр болсаң, тауып көр» . | |
| ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ | Шарты: Аспаптарды дыбысы арқылы ажырату. |
| 3-КЕЗЕҢ: «Суреттер сөйлейді» | |
| ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ | Шарты: қазақтың ұлттық тағамдарының суреттері беріледі, тауып атын атау. |
| 4-КЕЗЕҢ: «Үшқыр ой» | |
| ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ | Шарты: Қазақтың салт-дәстүрлерінің суреті немесе атауы сұрақ ретінде қойылады, дәстүрдің мағынасын айту. |
| 5-КЕЗЕҢ: «Кім жылдам?» | |
| ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР | Шарты: Суреттегі ұлттық ойынның атауын табыңыз. |
| 6-КЕЗЕҢ: «Сен білесің бе?» | |
| Асық | Шарты: Ұяшықта берілген асықтардың атын атау. |
| 7-КЕЗЕҢ: «Шолпы» әдісі | |
| Ертегілер сыр шертеді | Шарты: Берілген жарты суреттен ертегінің атауын атап жазу , дыбыстық талдау жасау, буынға бөлу. |
| 7-КЕЗЕҢ: «Шығармашылық». Шарты: әр топ өз атауларына байланысты қолөнер жасау, әсемдеу және оны қорғау | |

Әділқазылар жеңімпаздарды анықтағанша балалар «Асық» биін билейді.

Қорытынды:

Жеңімпаздарды анықтау.

Жеңімпаздарды мадақтау.